

# «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК

2026 жыл 04 «сәл»

№ 146

"Атырау қалалық перзентханасы"  
ШЖҚ КМК директоры Бұйрығымен  
"БЕКІТІЛДІ"

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтамасы**

## **ӘЗІРЛЕГЕН –**

"Атырау қалалық перзентханасы" ШЖҚ КМК СЖҚ қызметінің  
**Жұмыс тобының жетекшісі:** комплаенс-офицері Бағытұлы Н.

## **Жұмыс тобының мүшелері:**

А.Тойбазаров – кәсіподақ төрайымы және дәрігер статист;  
А.Махуова - персоналды басқару бөлімінің бастығы;  
Н.Куспанов - шаруашылық бөлім басшысы;  
Ж.Молдашева - заңгер;  
К.Хамитов - бас акушер;  
Г.Керешова – материалдық есепші;

**Атырау қаласы-2026 жыл.**

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтамасы**

Атырау қаласы

«30» 06 2026 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және "Атырау қалалық перзентханасы" ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі-Кәсіпорын) директорының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 22.04.2026 жылғы №146 бұйрығына сәйкес кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

**1. Жұмыс тобының жетекшісі:**

Бағытұлы Н. – СЖҚ қызметінің комплаенс-офицері;

**1.2. Жұмыс тобының мүшелері:**

А.Тойбазаров – кәсіподақ төрайымы және дәрігер статист;

А.Махуова - персоналды басқару бөлімінің бастығы;

Н.Куспанов - шаруашылық бөлім басшысы;

Ж.Молдашева - зангер;

К.Хамитов - бас акушер;

Г.Керещова – материалдық есепші;

**2. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

01.06.2026-30.06.2026 жыл аралығы

**3. Ішкі талдау қамтылған кезең:**

01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығы

**4. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:**

Мекеме басшылығы мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ.

**5. Ішкі талдаудың бағыттары:**

- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

## Талдамалық анықтама:

### 1. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Кәсіпорын өзінің қызметін жүзеге асырған кезде мына нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- 07.07.2020 жылы Қазақстан Республикасының №360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» (2019 жылғы 27 қыркүйектегі өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №761 бұйрығы «Стационарлық көмек көрсету қағидасын бекіту туралы» (2020 жылғы 03 шілдедегі өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы №106-VIII 01.07.2024 жылғы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығы.

Талдау барысында кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

### 2. Ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

#### 2.1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бағыттары бойынша:

Зерделеу бойынша 01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығында Кәсіпорынға 51 қызметкерлер жұмысқа қабылданған:

соның ішінде дәрігерлер саны – 10+2 провизор;

орта медициналық қызметкерлер саны - 26;

кіші медициналық қызметкерлер саны - 10;

Әкімшілік басқару персоналы:

соның ішінде: Әкімшілік - 1;

шаруашылық және өзге де персонал – 2.

Кәсіпорынға бос жұмыс орнына қабылдау төмендегі көрсетілген ерекшеліктер бойынша жүргізілген:

- Бос жұмыс орны болған жағдайда, ол туралы Электрондық еңбек биржасы «*Enbek.kz*» арнайы сайтына «Бос лауазым» туралы және оған сәйкес барлық ақпарат көрсетілген хабарлама жарияланады;

- Бос лауазымға біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер перзентхананың мамандар бөліміне келіп конкурстық іріктеуге қатысу туралы тілек білдіреді, сұратылған қажетті құжаттар тізбесін тапсырады.
- Бос лауазымға жұмысқа қабылданған үміткерге жұмысқа қабылдану бұйрығы шығарылады.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында кәсіпорында 2026 жылдан бастап кадрлық процестердің цифрлық ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Кадрлық іс жүргізуді жүзеге асыру және қызметкерлер туралы мәліметтерді есепке алу кезінде Бірыңғай кадрлық жүйе (ЕКС), Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі (ЕСУТД), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ресурстарды басқару жүйесі» (СУР-2) ақпараттық жүйесі қолданылады.

Аталған ақпараттық жүйелер кадрлық деректерді орталықтандырылған есепке алуды, еңбек шарттарын тіркеуді, медицина қызметкерлері туралы мәліметтердің өзектілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ кадрлық рәсімдерді жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарының сақталуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал етеді.

Ішкі талдау барысында Кәсіпорында персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### 3. Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша:

Зерделеу бойынша 01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығында мемлекеттік сатып алу порталында Кәсіпорынмен **209 келісім шарт жасалған**, оның ішінде:

- **119** келісім шарт баға ұсыныстарын сұрау бойынша;
- **16** келісім шарт ашық конкурс бойынша;
- **27** келісім шарт бір көзден тікелей келісім шарт жасау бойынша;
- **47** электронды магазин тәсілі бойынша жасалғаны анықталды;
- №110 бұйрық сәйкес Тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік берілген және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде: оның ішінде: - **128** шарт, баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен - **114** шарттар, тендер тәсілімен жасалған - **14** шарттар.

Мемлекеттік сатып алу бойынша рәсімнің барлық әдістері (конкурстық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды іске асыру туралы жарнама, қатысуға өтінімдерді ашу, мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттамалар) Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық жүргізіледі. Тұтастай алғанда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі олардың нақты қажеттілігіне сәйкес келеді. Тауар бірлігі бағасының негізсіз болу және тауарлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Талдау барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР қолданыстағы Заңын бұзу және Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Ішкі талдау барысында Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

#### 4. Заң қызметінің қызметі

01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығында Атырау қалалық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық Сотқа берілген азаматтық істердің тізімі:

- ««Sunna&Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» ЖШС-жосықсыз қатысушы деп тану туралы, 28.04.2025 жылғы оңайлатылған шешім шығарылды, 30.06.2025 жылы күші жойылды, 09.09.2025 жылғы соттың ұйғарымымен азаматтық іс жауапкермен келісім шарт талаптары орындалғандықтан қараусыз қалдырылды. Тұрақсыздық айыбы төленді;
- «SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігін жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, сотпен қаралуда. Соттың шешімімен жосықсыз қатысушы деп танылды, тұрақсыздық айыбы өндірілді. Заңды күшіне енді;
- Жеке кәсіпкер «СПЕКТР» - Данияр Сакенулы Алжанбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 03.04.2025 жылы сот ұйғарымымен қараусыз қалдырылды;
- «Ерназ» ЖШС жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қараусыз қалдырылды;
- Жеке кәсіпкер Еркебулан Сатыбалдиевич Кожакметовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 11 693 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, 10.04.2025 жылы шешім талап қанағаттандыру туралы шығарылды;
- «Ремгорстрой» ЖШС Атырау қалалық перзентханаға Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге салынған 218 326 теңгені қайтаруға міндеттеу туралы 2. Шарттың орындалуын қамтамасыз етілген 3 385 384 теңгені қайтаруға міндеттеу туралы, 22.01.2025 жылы талап ішнара қанағаттандырылды;
- ЖК «Астана Электро Техмаркет»-ке қатысты талап жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап сотқа жолданды. 12.12.2025 жылы талап қанағаттандыру туралы шешім шықты. Заңды күшіне енді;
- Атырау қалалық перзентханасы ЖК «Дархан»-ға ақша өндіру туралы талаппен сотқа жүгінді. 05.11.2025 жылғы сот шешімімен талап қанағаттандырылды. Шешім заңды күшіне енді;
- «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау қалалық перзентханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Шинар Байдюсеновна Акишеваға Әлеуметтік қолдауға кеткен шығынды өндіру туралы азаматтық іс сотқа жолданды. Талап қанағаттандырылды. Шешім 26 маусым 2026 жылы шықты. Заңды күшіне енебеді;
- «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау қалалық перзентханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жеке кәсіпкер Наурызбай Тулегенович Каменовке Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық іс қанағаттандырылды. Шешім 20.01.2026 жылы шықты. Заңды күшіне енді;

- «Омнипотент» ЖШС-гі Атырау қалалық перзентханаға 6 дана медициналық матрасты алуға міндеттеуге сотқа берді. Сот «Омнипотент» ЖШС-ң талабын қанағаттандырудан бас тартты. Шешім 19.03.2026 жылы шықты. Заңды күшіне енді;
- ЖК «Толғанай Нұрымбетқызы Байсеитова» жауапкер Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК-нан 209 416 теңге берешек, 14 003 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрап, сотқа арызданды. 04.03.2026 жылғы соттың ұйғарымымен азаматтық іс бойынша іс жүргізуі тоқтатылды;
- Атырау қалалық перзентхана ЖК «Заман»-ға тауарды ауыстыру туралы талаппен сотқа жүгінді. Талап қанағаттандырылды. Сот шешімі 06.03.2026 жылы шықты. Заңды күшіне енді;
- Атырау қалалық перзентханасы "SUBA" ЖШС-не жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа арызданды. Сотта қаралуда.

Сот кабинетінің базасын сот шешімдерің мониторинг жүргізу барсында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

## 5. Мүдделер қақтығысы

Кәсіпорында қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы (мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) анықталған жоқ.

## 6. Рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру.

Кәсіпорында рұқсат беру және бақылау функцияларын асыру қарастырылмаған.

## 7. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Ішкі талдау қамтылған кезеңде Кәсіпорының «E-otinish» платформасында **143 өтініш тіркелген.** Сондай-ақ, Кәсіпорынға келіп түскен өтініштерге жауаптарды талдай отырып, жұмыс тобы барлық өтініштерге тиісті жауаптар бар екенін анықтады. Жұмыс тобы ұсынылған жауаптарды зерттеді. Келіп түскен өтініштер мен шағымдарды қарау бойынша жұмыс әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне нақты сәйкес жүргізілгені анықталды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шағымдар түспеген. Жұмыс тобы әлеуметтік желілер мен интернет желісіне мониторинг жүргізу барында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

**8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережеге (2023 жылғы 31 наурыздағы №112 Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығы) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер комплаенс-офицерге жүктелген.

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тиімділігі келесі шаралар арқылы қамтамасыз етіледі:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты ішкі нормативтік құжаттар тұрақты түрде өзектендіріледі.
- Қызметкерлер арасында этика нормаларын, қызметтік мінез-құлық ережелерін, шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүйелі түрде өткізіледі. Бұл іс-шараларға сыйлықтарды қабылдау, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы хабарлау міндеттері де кіреді.
- Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы комплаенс-офицерге хабарлау үшін Кәсіпорын қызметкерлеріне арналған байланыс арнасы жұмыс істейді және жаңартылып отырады. Есепті кезеңде қоңыраулар мен хабарламалар түскен жоқ.
- Кәсіпорын сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімі жұмыс істейді. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты барлық құжаттар орналастырылған. Бұл бөлім тұрақты түрде жаңартылып, толықтырылып отырады.

Талдау жүргізілген есепті кезеңде:

- Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан әкімшілік немесе қылмыстық сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар анықталған жоқ;
- Ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес пайда алу мақсатында пайдалану фактілері тіркелмеген;
- Қызметтік өкілеттіктер шеңберінде қандай да бір әрекеттер (не әрекетсіздік) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер алу фактілері анықталмаған;
- Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері тіркелмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## 9. Қорытындылар мен ұсынымдар

Кәсіпорындағы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

№	Тәуекел	Сипаттамасы	Ықтимал салдарлары
1	Медициналық қызметтер үшін пара	Тегін көрсетілетін	Пациенттердің құқықтарының бұзылуы,

	талап ету	қызметтер үшін бейресми төлем талап ету (мысалы, ауырсынуды басу, кесар тілігі, бақылау)	сенімнің жоғалуы
2	Жақсартылған жағдайлар үшін пара беру	Жеке палатаға ауыстыру немесе жайлы жағдай жасау үшін бейресми төлем	Медициналық қызметтің теңсіздігі
3	Мемлекеттік сатып алудағы сыбайлас жемқорлық	Байланысты еткізушілермен келісімшарттар жасау, бағаларды қолдан есіру	Бюджетке зиян келтіру, жеткізілім сапасының төмендеуі
4	Анықтамалар мен еңбекке жарамсыздық парақтарын сату	Сыйақы үшін медициналық құжаттарды қолдан жасау	Заң бұзушылық, қылмыстық жауапкершілік
5	Жаңа туған бала туралы құжаттар үшін пара талап ету	Туу туралы анықтама алу немесе тіркеу процесінде бейресми төлем талап ету	Заң бұзушылық, қылмыстық жауапкершілік

#### Ұсыныс:

- Ақылы және тегін қызметтердің толық тізімін ақпараттық тақталарда және сайтта орналастыру;
- Ақылы палаталар туралы ақпарат ашық болуы тиіс; төлем тек касса арқылы;
- Мемлекеттік сатып алудағы бақылауды күшейту; мемлекеттік сатып алу комиссияларын құру;
- Қызметкерлерге арналған тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстарын өткізу;
- Құжат рәсімдеуді цифрландыру; бейнебақылау енгізу;
- Кәсіпорын ғимараттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мамандандырылған сенім жәшігін орнату және мамандандырылған сенім жәшігінің жұмысы туралы ережені әзірлеу.

Медициналық көмек көрсету рәсімдері мен практикасын регламенттеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті енгізу, адами ресурстарды басқару мен пациенттерді қолдаудың, қаржы-экономикалық қызметтің тұтастай тиімді жүйелерінің болуы, сондай-ақ шарттар (келісімшарттар) жасасудың ашық рәсімі кәсіпорынға жарғылық қызмет міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын, ҚР Қылмыстық кодексін, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыруды.

**Жұмыс тобының жетекшісі:**

Бағытұлы Н. -



**Жұмыс тобының мүшелері:**


А.Тойбазаров -



А.Махуова -



Н.Куспанов -



Ж.Молдашева -



К.Хамитов -



Г.Керешова -



Талдамалық анықтамамен таныстым  
"Атырау қалалық перзентханасы"  
ШЖҚ КМК-ның директоры:



**С.Турбаев**